

- 9) өз пікірлері мен наным-сенімдерін еркін білдіруге;
- 10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 11) Кәсіпорында ақпараттық ресурстарды ақысыз пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 12) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы ақысыз пайдалануға;
- 13) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, академиялық демалыс алуға;
- 15) белгіленген тәртіппен жатақханаларда орындармен қамтамасыз етілуге құқығы бар.

45. Кәсіпорынның білім алушылары:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес теориялық білім, практикалық дағдылар мен құзіреттіліктерді меңгеруге;
- 2) белгіленген мерзімде оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын орындауға;
- 3) өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 4) осы жарғының талаптары мен Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережесін сақтауға;
- 5) Кәсіпорын қызметкерлерінің қадір-қасиеті мен дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

46. Білім алушы:

- 1) өз еркімен;
- 2) дәрігерлік-біліктілік комиссиясының анықтама-қорытындысының негізінде денсаулығының жай-күйі бойынша;
- 3) білім берудің басқа ұйымына ауысуына байланысты;
- 4) оқу тәртібін, Ішкі тәртіп ережесі мен осы Жарғыны бұзғаны үшін;
- 5) ақылы негізде білім алу келісім – шарты талаптарын орындамағаны үшін;
- 6) Кәсіпорынның студенті атағына кір келтіретін заңсыз және ерсі іс-әрекеттерді жасағаны үшін Кәсіпорыннан шығарылуы мүмкін.

47. Кәсіпорын мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірген күндізгі бөлімнің бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетеді.

48. Заңды тұлғалармен шарттар негізінде жоғары оқу орындарында даярланған бітірушілер шарт (келісім-шарт) талаптарына сәйкес жұмысқа жіберіледі.

49. Кәсіпорынның профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлері:

- 1) кәсіптік қызмет үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- 2) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталуы шартында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен